

Газет
1948 ж.
20 сәуірінен
шыға бастады



№ 1 (1295)
қаңтар
2001 жыл

ҚАЗАҚ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

ҚҰТТЫҚТАУ! * ПОЗДРАВЛЕНИЯ! * ҚҰТТЫҚТАУ! * ПОЗДРАВЛЕНИЯ! * ҚҰТТЫҚТАУ! * ПОЗДРАВЛЕНИЯ! *

Осыдан 67 жыл бұрын, яғни 1934 жылдың 15 қаңтарында ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ ашылды

Қадірлі әріптестер!

XX ғасырда іргесі қаланған университетімізде өздеріңізбен бірге жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдыққа үлкен үміт, зор сеніммен қадам басқанымға қуаныштымын.

Шаңырақ көтерген жылдардан бастап Қазақстандағы білім ордаларының көшбасшысы саналған біздің университет мыңжылдықтар тарихынан сабақ алып, тәлімінен сусындады. Жаратылыстың табиғи құндылықтары мен адамзаттың асыл мұраларынан, отандастарымыз өз қолымен жасаған жәдігерлерден келешек ұрпақтың кемелденуіне қажеттінің бәрін алуға талпынды. Бұл талпыныс нәтижесіз болған жоқ.

Өткен ғасырға өкпе жүрмейді. Өйткені, біздің бүгінгіміз сол ғасырларда қаланды. Сіздер мен біздерді өмірге әкелген бабаларымыз, аталарымыз, аналарымыз келешек үшін табан ет, мандай терін аямады, қажетті жерде қан төкті, керекті тұста жанын да берді. Заман, уақыт, қоғам талабы мойнына

салғанның бәрін көтере жүріп, санамызға білім нәрін күйды, бойымызға рухани уыз сіңірді, қанымызға сарқылмас рух таратты. Сонымен бірге бүгінгі ұрпақ тағдырын аманаттады.

Аманат жүгі ауыр. Сол салмағы сан батпан жүк жаңа мыңжылдықтың басында да Сіздер мен біздерге түсіп тұр.

Тәуелсіздігінің 10 жылдығын тойлағалы отырған Қазақстан халқының бүгінгі мен ертеңіне қызмет ететін жастар білімі мен тәрбиесі, болашақ мамандар білігі де біздің мойнымызда.

Біз ХХІ ғасырға еңсемізді көтеріп, бойымызды тіктеп барамыз. Аталар аманатын да, халық сенімін де алаңсыз ақтайтын бізде зор күш бар. Қоғамның саяси құрылымының барлық сатысында, экономика, сауда, бизнес, мәдениет, ғылым, спорт салаларының бәрінде, бұқаралық ақпарат құралдарының баршасында елі үшін ерінбей еңбек етіп, республикамыздың мәртебесін көтеріп жүрген университет түлектері құдайға шүкір, аз емес. Біз оларды мақтан етеміз, біз

олармен мақтанамыз да.

Қазіргі әлем кеңістігінде өзіндік орны бар университетіміз егемендігіміздің арқасында көптеген мемлекеттердің ғылым ордалары, оқу орындарымен қоян-қолтық араласып келеді. Мұның өзі болашақ үшін жасалған игі қадам.

Қара шаңырағымыздың бүгінгі ғылыми-техникалық, ғылыми-педагогикалық базасы дүниежүзінің көптеген оқу орындарымен иық тірестіреді, тіпті кейбірінен озық та. Ендеше жаңа ғасыр табалдырығын жасқанбай аттаған университет ұстаздары мен қызметкерлері, студенттері мен магистранттары, аспиранттары мен докторанттары келешекте де кемел ой, парасатты пайыммен еңбек етеді деп нық сеніммен айта аламын.

Жаңа мыңжылдық, жаңа ғасыр, жаңа жылдарыңыз құтты болсын! Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат тілеймін.

Өздеріңізге деген құрметпен
Университет ректоры
К.Н. НӘРІБАЕВ

Жылдың Халықаралық адамы



2000 жылдың соңында Кембридждегі Халықаралық биографиялық орталық білім берудегі және ғылымдағы ересен зор жетіс тіктері

үшін ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Көпжасар Нәрібайұлы **НӘРІБАЕВҚА** "Жылдың Халықаралық адамы" атағы және дипломы мен медалі берілді.

Құттықтаймыз!

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

2000 жылдың 26 желтоқсанында Археология және этнология кафедрасының профессоры Ж. Таймағанбетовтың көсем сөзімен басталған Ғылыми кеңесте "Қазақ университеті" баспасы жұмысының тиімділігі жөнінде доцент Ф. Н. Жақыпованың баяндамасы тыңдалды.

Одан кейін Экономика және құқық институтының профессор Ә.Е. Бектұрғанов ҚазМУ-дегі экономикалық білім беру және оны нарық талаптары бойынша дамытудың жобасы туралы баяндама жасады.

Биология факультетінің жұмысы туралы есеп талқыланды.

РЕКТОРАТ

2001 жылы 9 қаңтарда өткен ректорат мәжілісінде ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыс жөніндегі проректор Ф.Б. Байымбетовтың 2000 жылғы аспиранттарды бөлу нәтижелері және шығармашылық демалыстардың тиімділігі жөніндегі хабарламасынан кейін француз тілі, Мәдениет және білім орталығының жұмысы туралы директор Ш.И. Нұрғожина өз пікірін ортаға салды.

Одан кейін Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Е.Б. Жатқанбаев ректораттың 14.12.1999 жылғы "Жаратылыстану факультеттеріндегі қазақ тілінде оқыту және әдебиеттермен қамтамасыз ету туралы" қаулысының орындалуы туралы мәселе қозғады.

БҮГІНГІ САНДА:

Тас дәуірінің мұражайы ашылды

Жаңа ғасыр жаңашылдық күтеді

Сарғайған газет сөйлейді
ҚазМУ-ден қанат қаққандар



2000 жылы 19 желтоқсанда Халықаралық „Бәбек” қорының президенті Сара Алпысқызы Назарбаева университет студенттерімен кездесті. Кездесуді университет ректоры К.Н.Нәрібаев жүргізіп отырды.

Кездесу барысында қазіргі жастар проблемалары, тәлім-тәрбие, оқу мәселелері және салауатты өмір салты жөнінде пікір алысқан Сара Алпысқызы өз тәжірибесінен түсірілген бейне жазбаларымен таныстырды.



О НАС ГОВОРЯТ...

М.Т. БАЙМАХАНОВ, академик НАН РК, доктор юридических наук, профессор:

— Я думаю, что потенциал КазГУ очень большой, я бы даже сказал мощный, и вы все в состоянии поднять вашу работу на новый уровень, чему мы, представители других учреждений, будем только рады. Мы желаем Вам больших успехов.

АБЫЗДӘР

Қ.Ә. БЕГАЛИЕВ, заң ғылымдарының докторы, профессор:

Университет ректоры, Көңжасар Нәрібайұлы туралы бірер сөз айтпай кете алмаймын. Ұжымның осындай табыстарға, жетістіктерге жетуінің өзі алдымен осы басшымыздың ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты. Оқу-әдістемелік жұмысты өте жақсы біледі, университет ардагерлеріне құрметпен қарайды. Адамгершілігі мол адам, бірде-біреуімізді елеусіз қалдырмайды.

Прошёл семинар-тренинг

В центре „Махаббат” КазГУграда прошёл обучающий семинар-тренинг „Что такое конфликт?”, организованный Конфликтологическим центром. Инициаторами этой встречи выступили сами студенты. Откуда такой интерес к данной теме?

В последнее время конфликт, как сложное явление, стал предметом исследования многих наук таких, как политология, социология, психология. В истории XX век можно назвать веком обострения конфликтов как глобальных, международных, так и социальных. Ни это ли причина разрушительных войн, нестабильности, напряженности в мире? Поэтому и очень важно научиться регулировать и предупреждать конфликты. Это главная задача деятельности Конфликтологического центра, образованного в Алматы в 1995 году.

Семинар проходил бесплатно для 15 студентов различных факультетов КазГУ, как вводный курс в конфликтологию. Работа шла в группах в игровой форме, что помогло более эффективно донести до студентов новую информацию. По словам тренера Татьяны Маркиной, проведение

семинара в подобной целевой группе, состоящей только из студентов, важна и ответственна. Ведь именно студенты больше восприимчивы к качественно новым знаниям и, как надеется Татьяна, они смогут организовать подобное обучение и у себя на факультетах. А пока планируется провести ряд семинаров на темы „Права студента и их нарушения”, „Этнические и национальные конфликты”, „Личное поведение”, „Лидерства власть”. На этой встрече участники семинара смогли понять, что такое конфликт, проанализировать его, рассмотреть личное поведение, стили управления конфликтом, разобрать конфликтные ситуации из жизни. И это только начало совместной деятельности студентов и Конфликтологического центра. Есть прекрасная возможность создать свою студенческую организацию — партнера данного центра, используя их богатую библиотеку, накопленную информацию и желание помочь работать в этой области. Самое главное, чтобы студенты видели в этом нужное, полезное дело и выступили его инициаторами.

Мадина Иманалиева

Тас дәуірінің мұражайы ашылды

27 желтоқсан күні ҚазМУ-де Қазақстанның палеолит мұражайы ашылды. 500 мыңнан аса артефактардың негізінде құрылған мұражайдың ашылу салтанатына О. Исмағұлов, К. Нұрпейісов, К. Байпақов, Б. Қожамқұлова секілді тарихшы-ғалымдар қатысып, ізгі тілектерін білдірді. Мұражайдың негізін қалауға әр жылдары атсалысқан марқұмдар Х. Алпысбаев, А. Медоевтердің еңбегін әрі қарай жалғастырған Ж. Таймағанбетов, Б. Әубәкіров, О. Артюхова сынды ғалымдардың еңбегі, әсіресе Ж. Таймағанбетовтың ұйымдастырушылық жұмыстары ерекше аталды.

Ел тарихы — жер тарихы. Елі мен жерінің тарихын білуге талпынбаған ұрпақтың болашағы бұлыңғыр болар. Осы қағиданы берік ұстанатын білімнің қара шаңырағы — Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде жас

ұрпаққа өнеге берер бір игі шара іске асты.

Орта Азияда бұрын болмаған алғашқы палеолит мұражайы ашылды. Оның алты бөліміндегі мұрағаттардан адамзаттың басынан өткен қилы-қилы замандарды білуге болады. Адам баласының алғашқы даму кезеңдері, Оңтүстік Қазақстандағы Қызылту, Бөріқазған, Батыс Қазақстандағы Шақпақ Ата, Өнежек, Орталық Қазақстандағы Семізбұғы аталатын алғашқы адам тұрақтарынан алынған тас құралдар, тағы басқа да тарихи мекендерден әкелінген ескерткіштер сонау тас дәуірінде өмір сүрген ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігінен хабардар етеді. Алғашқы төрт миллион жылдықты қамтитын бұл тарихи ескерткіштер студенттердің ғылыми білімдерін тереңдетуге айтарлықтай ықпал етері сөзсіз. Сонымен, ата-бабаларымыздың тас дәуіріндегі тұрмыс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, ҚазМУ-ге келіңіз.

Ф. БАЙМАҒАНБЕТОВА



Тас дәуірі адамының бас сүйегі.

ҚазМУ-дің ЖЫЛНАМАСЫ

1933 жыл

* 20 қазанда КСРО халық комиссарлар Кеңесі Алматыда Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру туралы қаулы шығарды. 9 желтоқсанда БКП (б) қазақ өлкелік комитеті Қазақ мемлекеттік университетін ашу туралы қаулы қабылдады.

1934 жыл

* 15 қаңтарда Қазақ мемлекеттік университетінің ресми ашылу салтанаты болды. Алғаш Биология және Физика-математика факультеттері ашылды.

* Бұрынғы Верненск гимназиясының ғимаратында 19 қаңтарда осы екі факультеттің 54 студенті алғашқы дәріске қатысты.

* Білім беру және ғылыми жұмыстарды 25 оқытушы жүргізді, олардың арасында 5 профессор мен 10 доцент бар еді.

* Қаңтарда университеттің ғылыми кітапханасы шаңырақ көтерді. Оның қорында 6 мың кітап болды.

* 1 қыркүйекте Химия факультеті ашылды.

* Университет ректоры болып, Қазақстанның белгілі қоғам қайраткері, педагог, Халық Ағарту Комиссарының орынбасары Ф.Т. Оликов тағайындалды.

1935 жыл

* Наурыз айында оқу корпустары және студенттер қалашығының алғашқы құрылысы басталды. Ол құрылыс Виноградов-Мичурин-Калинин-Космонавтар және Масанчи-Виноградов-Космонавтар-Комсомол көшелерінің қиылысын алып жатты.

1936 жыл

* Университеттің алғашқы бюллетені жарық көрді.

1937 жыл

* „ҚазМУ-дің ғылыми хаттары” („Ученые записки КазГУ”) басылып шықты.

* Осы жылдың қазан айында зоологиялық мұражай ашылды.

* 1 қыркүйекте Филология факультеті ашылды.

1938 жыл

* 19 қыркүйекте университетте аспирантура ашылды. Физика, математика, химия, биология мамандықтары бойынша 16 және орыс тілі мен әдебиеті саласы бойынша 5, барлығы 21 аспирант қабылданды. Олардың арасында алғашқы аспиранттар ҚР ҒА-ның корреспондент-мүшесі, химия ғылымдарының докторы А.Ш. Шарифжанов, ҚР ҒА-ның корреспондент-мүшесі, биология ғылымдарының докторы, профессор Т.М. Масенов, биология ғылымдарының докторы, доцент С.Н. Ибрашева, химия ғылымдарының докторы Е.С. Кузнецова болды.



ФОТОШЕЖІРЕ



КЕШЕ: Совет көшесі

ҚазМУ-дің оқу ғимараттары

БҮГІН: Әл-Фараби даңғылы



ОЙТОЛҒАҚ

Тасыраң ғасырды шығарып салар тұстағы киіз туырлықты қазақ халқы барлық мырзалықтары үшін тоқсан бірдің тарихи толқынына қарыздар. Бұл - бізден геосаяси жағдайымызға тәуелді қорғаныс саласында, ішкі гармониясы үзілген экономикамызға сырттан

келіншектің "тәжірибесін" қабылдағын түрі бар. Мысалы, үш-төрт жыл көлемінде Алматыдағы 9 телеарна тәулігіне 130 сағаттай хабар таратса, соның 5-9 сағаттайы ғана қазақша беріледі екен. Ал, әлгі 130 сағаттың 30 сағаты америкалық-европалық өнімдерді кұрайды. Яғни, телесериалдар, ток-шоу

ұлт аналарының тарихын аз біледі.

Дербес елдің бесігін былғап, болашағын болдырмау мақсатындағы әпенді әрекеттердің де қылаң беріп қалатыны өтірік емес. Діни экстремизмнің қаупі басым. Империя тұсында көп ұлтты деп

қарақшылық пиғыл танытқан Н. Масанов, П. Своик, О. Жандосов, М. Әбілязов тәрізді, Ақдәулетовше айтсақ, "Алтын Ордадан кеткен" тамырсыздардың айқай-шуына тиісті дәрежеде жаңғырықтың болмауы көңілге көп күдік ұялатады. Адамзат эшелонындағы Қазақ атты купені осындай "қояндардан" тазартуда ұлттық идеология "билет тексеруші" қызметін атқаруы қажет.

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның райы мен реңі ұлт-азаттық идеясының қалыптасуына түрткі болды. Құнанбай шалдың баласынан эстафета алған Алаш қайраткерлері мәмілегершілік пен бақастық шекарасын айыра біліп, өздерінің жанпида күрескерлік бітімімен қоғамдық сананы оятуда тынымы жоқ күндер кешті. Қазақ қоғамына тән аграрлы-отарлы езгі, феодалдық бытыраңқылық, шаласуаттылық - бәрі-бәрі тар таптық-рулық бөлшектенуді емес, жалпыұлттық мақсат-мүдделер жолында бірігуді талап етті. Бұл - тарихи сураныс еді.

Қарбалас сәтке толы бүгінгі таңның да ең ұлы мұраты - Тәуелсіздік идеясын қалыптастыру болып отырғаны анық. Өкініштісі сол, оған жету жолында, бір жағынан, ұлт тағдырына түкіре қарайтын мысықтілеу пенделердің әрекеті қолбайлау болып отырса, екінші жағынан, саяси білігіміздің, батыл-қайратымыздың аздық етіп отырғаны жасырын емес.

Қорыта айтқанда, қазіргі кезең - азаттықтың ақ кемесіне отырған Қазақстан үшін жаңа қалыптаса бастаған мемлекеттің даму бағытын саралайтын кезең. Оның күн тәртібінде Ұлттық ақпарат кеңістігін қалыптастырып, сол арқылы рухани асқазанды тоқ ұстар идеологиялық азық жинау міндеті тұр. Ал, осы пәрменді межеге жету жолында отарлық езгіге қарсы күресте Махатама Ганди, Кемал патша сияқты ұлы реформаторлармен иықтас, рухани бір тұғырда тұратын ұлт күрескерлерінің, яғни Кеңесары, Сырым, Исатай, Әлихан, Ахмет, Міржақып, т.б. өнегелі іс-тәжірибелерінен тәлім алу уақыт талабы болып отыр.

P.S. Эмоцияны қойып, интеллектке жол беретін сәт туды.

Бекжан ӘШІРБАЕВ

Жаңа ғасыр жаңашылдық күтеді

инвестиция тартуда және түрлі әлеуметтік-ұлттық қатынастарды реттеуде кроссворд шешкендей сәйкестік-үйлесімділікті талап ететін сынақ уақыты еді.

Асау ағысты қоғам арнасы мүлдем басқа бағытқа ауысты. Өтпелі шаққа тән қиыншылықтар да жоқ емес. Бірақ, ол да қазақстандықтар тарапынан басылып өтуге тиіс кезең екені мәлім. Елбасының көреген саясатының арқасында ел астанасы Сарыарқа төріне көшті. Мұның геосаясат, демографиялық басымдылық жәм өндірістік қатынастардың мықтап орнауы тұрғысынан алып қарағанда аса сақтық-сауаттылық қадамы болғаны анық. Сондай-ақ, алдымызда Орта Азия барысына айналу атты биік, пәрменді мақсат тұр. Оны өміршең ету, реалды меже қыла білу - әрбір азаматтың асасы парыз.

Алайда... Иә, ендігі әңгімені осылай бастауға тура келеді. Қазіргі бейұлттанған ақпарат кеңістігіндегі ала-құлалық қазақтың рухани әлеміне ревизия қажеттігін алға тартуда. Теледидардағы атыс-шабыстар, газет-журналдағы нәжіске толы дүниелер, диско-клубтағы даңғырақ әуендер - бәрі-бәрі гуманистік тәрбиеден алшақ ұғымдарға негізделіп, алақтаған алапес пиғылдардың ұлттың алтын тамырын зиянкес жәндіктердей кеміріп бітуіне себепкер болып отыр. Көшпелі өмір салтында тек қана ауа райы ғана бағындырған далалық қайсар мінез қоғамдық мерездермен күресуде "көңілшек

бағдарламалар, зұлымдықты насихаттайтын фильмдер, т.б. Бұл дегеніңіз, батыстық жезтырнақтар оларға өздерінің саясатын тықпалап, десант түсірмей-ақ рухани диверсия жүргізіп жатыр деген сөз. Осы ретте, ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Мұхтар Шаханұлының: "Тибет монахтары жай ғана бір ысқырықпен қалың-қалың әйнек-айналарды быт-шыт қылып сындыра алады, мұны олар әлі күнге құпия ұстайды. Кезінде оны өз мақсатына пайдалану үшін Гитлер әдейі экспедиция да аттандырған еді. Дыбыстың осындай қиратқыштық қасиеті енді адамдарды мәңгүрттікке бейімдеуде", - деген пікірі үлкен катаклизманың пайда болғанынан хабар беріп, әділетсізденіп бара жатқан әлемнің бояма келбетін әшкерелеп тұрғандай.

Бірде жазушы Дулат Исабековпен болған әдеби кездесуде оқырмандар тарапынан "Сейфуллин көшесі бізді қайда апарды?" деген әлеуметтік маңызы терең сұрақ қойылды. Расында да ойландыратын мәселе.

"Қыз іздесең, Сайыға бар, құл іздесең, Сейфуллинге бар" деген жаңа заман "мәтелінің" астарында қаншама үл-қыздарымыздың тағдыры жатыр десеңізші...

Бейбіт күннің Мәншүктері жалынсыз. Европалық дүбәра мәдениет ықпалындағы маргиналдар Диана қазасын аза тұтып, Айша-Бибі, Бопай тәрізді

мақтаныш сезіммен айтылған Қазақстан үшін көп дінді, көп құдайлы мемлекет болып қалу қатері тұр.

Кейбір баспасөз мәліметтеріне қарағанда, жекешелендірудің алғашқы жылдары ауыл тұрғындары айлық жалақысын арақ-шарап түрінде алуды дәстүрге айналдырған екен. Зомби жайлы хикаяттарда ол өзіндік ойлау қабілетінен айырылған, әлдекімнің бұйрығын қалтқысыз орындайтын санасыз жемдет екендігі айтылады. Оның мыын соңғы ғылыми жетістіктерге сүйеніп жасалған құрал-жабдықтармен басқарып отыруға болатын көрінеді. Кәдімгі Шыңғыс Айтматовтың "Боранды бекетіндегі" мәңгүрт. Жалақы берудің жоғарыдағы түрі де сол адам санасын жаулап алудың бір ишарасындай көрінетіні хақ.

Демократияға берілген көптеген анықтамалар ішінде Англияның премьер-министрі Уинстон Черчилльдің мына сөзі айрықша орын алады: "Демократияның көптеген кемшіліктері бар екендігін мойындай отырып, бір ғана артықшылығын ескерте кеткенді жөн көремін. Ол артықшылық мынада: бүгінге дейін ешкім де демократиядан асып түсетін ештеңе ойлап тапқан жоқ". Демек, не нәрсең болсын шынайы келбетін айқындауда, әрбір оқиға-құбылыстың әлеуметтік тегін таңуда сыни көзбен қараған дұрыс. Сөз бостандығын ұлтпен ойнауға пайдаланып, ел тарихына

ҚазМУ-дің ЖЫЛНАМАСЫ

1939 жыл

* Биология, Химия, Физика және Математика факультеттерінің алғашқы түлектері қанат қақты.

* Ф.Т.Оликовтың басшылық стуімен университеттің 5 жылдық мерейтойына арналған І-ші университеттік ғылыми конференция өтті.

1940 жыл

* Студенттердің І-ші ғылыми конференциясы өтті. Студенттік ғылыми қоғамның төрағасы - сол кезде Биология факультетінің студенті, кейіннен ҚР ҒА-ның академигі Е.В.Гвоздев болды.

1941 жыл

* 8 мамырда Қазақтың журналистика институты (ҚИЖ) Қазақ мемлекеттік университетінің Журналистика факультеті болып өзгертілді.

1943 жыл

* 1 қыркүйекте Тарих-филология факультеті ашылды.

* 1 қарашада дайындық бөлімі ұйымдастырылды.

1948 жыл

* 20 сәуірде әуелі "За отличную учебу" кейін "Қазақ университеті" аталған жалпы университеттік көптіражды газет шыға бастады.

* 14 тамызға дейін Филология факультетінің құрамында болып келген Тарих бөлімі жеке өз алдына факультет болып отау құрады.

* 28 тамызда Геология-география факультеті ашылды.

1949 жыл

* Ақпан айында университеттің құрылғанының 15 жылдығына орай, Қазақ мемлекеттік университетінде студенттердің ІІ ғылыми конференциясы өкізілді.



САРҒАЙҒАН ГАЗЕТ СӨЙЛЕЙДІ...

ҚазМУ-дің ЖЫЛНАМАСЫ

1949 жыл

* Философия факультеті және Экономика факультеттері шаңырақ көтерді.

1951 жыл

* Философия факультеті мен Экономика факультеттері Философия-экономикалық факультет болып бірікті.

1955 жыл

* Мамырда ҚазМУ-да Алматы Заң институтының қайта құрылу есебінен Заң факультеті құрылды.

1959 жыл

* Мамыр айында Физика-математика факультеті Физика және Механика-математика факультеті болып бөлінді.

1960 жыл

* 25 сәуірде Геология-география факультеті "География факультеті" деп аталды.

1968 жыл

* 28 қазанда Философия-экономика факультеті ашылды.

1972 жыл

* 13 сәуір 1972 жылы студенттердің конструкторлық бюросы ұйымдастырылды. 27 шілдеде Механика және қолданбалы математика факультеті жұмыс жасап бастады.

1974 жыл

* Қазақ мемлекеттік университеті - Халықаралық университеттер Ассоциациясының мүшелігіне (МАУ) қабылданды.

1980 жыл

* 800 орындық студенттік асхана жұмыс жасап бастады.

1985 жыл

* 19 маусымда университетімізде шетел азаматтары үшін дайындық факультеті ашылды.

1989 жыл

* 27 наурызда салтанатты түрде Қазақ мемлекеттік университеті тарихы туралы мұражай ашылды.

* Шығыстану факультеті ашылды.

1991 жыл

* 23 қазанда С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аты өзгертіліп, оған ұлы философ, ғалым-энциклопедист әл-Фарабидің есімін беру туралы ҚазКСР Министрлер кабинетінің қаулысы шықты.

Газетіміз 1959 жылы 7 мамырдағы 11-12 санында көрнекті профессор Мұхтар Омарханұлы Әуезовке "Абай" эпопеясы үшін Лениндік сыйлық берілгендігін қуана хабарлап, құттықтау жолдаған екен.

Осы санда Юннань университетінен келген хат та жарияланыпты. Біз сол материалдардан үзінді беруді жән көрдік.

Қазақтың атақты жазушысы, университетіміздің көрнекті профессоры Мұхтар Омарханұлы Әуезовке Абай туралы эпопеясының соңғы екі кітабы - "Абай" және "Абай жолы" үшін Лениндік сыйлық берілді...

Ұлы көсеміміздің есімімен аталатын сыйлықтың М.О.Әуезовке берілуі бүкіл республика жұртшылығымен қатар университеттің профессор-оқытушылары мен студенттер коллективін де зор қуанышқа бөледі.

Жазушы М.О.Әуезов өзінің Абай эпопеясы арқылы қазақ совет әдебиетінде тарихи роман жазудың белесті жолын ашты және бұл көрнекті шығармасы әдебиетіміздің Совет Одағы мен жер жүзіне белгілі болу жөнінде зор үлес қосты.

Мұхтар Омарханұлы талантты жазушылық ісімен бірге, біздің университетімізде зор ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жас ұрпақтарды тәрбиелеуге де үлкен үлес қосуда.

Көрнекті профессорымыз Мұхтар Омарханұлын үлкен сыйлықпен құттықтай отырып, оның бұдан былай да жемісті жұмыс істеуіне зор тілекестік білдіреміз.



Письмо из Юннаньского университета

Дорогой руководитель химического факультета Казахского университета!

Ваш университет, быстро прогрессируя, в течение 25 лет достиг огромных успехов в науке и в воспитании. Ваши успехи воодушевляют и вдохновляют профессоров и студентов химического факультета Юннаньского университета. Это не только потому, что благодаря Вашим успехам в химии, вы служите нам примером, но и потому, что вы послали нам отличного химика доцента Т.К.Чумбалова

помочь нам воспитывать наших преподавателей, специализироваться в растительной химии и руководить научными исследованиями. Своей неутомимой энергией в работе и своим богатым опытом в деле исследований и воспитания, он воплощает ваш традиционный дух и успехи. Все это служит огромным импульсом во всей работе нашего факультета...

Руководитель химического факультета Юннаньского университета ВАН ШУ-СЮНЬ и весь коллектив факультета.

ТАЛҒАМ. ТАҒЛЫМ

Біліктілік, ізгілік, парасат

М.Әуезов атындағы әдеби бірлестіктің басты мақсат-мұраттарын айқындайды

Адамзат тарихында ұлы адамдардың өмірі мен қызметін есте қалдыру, насихаттаудың алуан дерек, мысалдары бар. Осы орайда, жарты ғасырдан астам тарихы бар ҚазМУ-дің М.О. Әуезов атындағы әдеби бірлестігінің өткен өмірі өз алдына бір сырлы шежіре (1941 жылдың мамыр айында М.Әуезов ұйымдастырған).

Өткен өмірге, жүрдек уақытқа ой көзімен үңілсек, 1960 жылдың 26-желтоқсанында М.О.Әуезов жастар поэзиясы кешіне "Жыл келгендей жаңалық сеземіз" деген тақырыпта сөз сөйлеп ("Лениншіл жас", 28 желтоқсан), онда қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихы мен талантты туындылар табиғатын, жалпы көркемөнер

мұратын жан-жақты айқындағаны сол кезде қандай әсерлі болса, бүгін де мәнді, ғибратты.

Әдеби бірлестікке кезінде профессорлар Б.Кенжебаев, Т.Нұртазин, академик З.Қабдолов, профессор С.Садырбаевтар жетекшілік етіп, ұлы Мұханның "ар ісіне адалдық, сөз өнері - өмір мұраты, халық шежіресі" деген даналық ойларын бұлжытпастан жүйелі атқарып келді. Бұл бағыт, арналы ағыс бүгінде кең қанат жайып отыр.

Кейінгі кезеңде әдеби бірлестікте қалыптасқан дәстүр-үлгілер жаңа мазмұн, өзгеше сипат алғанын айрықша атап өтер едік. Әдеби бірлестік талантты, талапты жстардың

басын қосып, шығармашылық еңбектерінің жарық көруіне, насихатталуына жол ашады, белгілі дарынды адамдармен кездесу өткізуге ұйтық болады, жекелеген туынды табиғаты мен тағдырын әңгіме арқау етеді. Сондай ақ, бірлестіктің бағдарламасындағы тұрақты тақырыптардың бірі - қазақ зиялыларының өмірі мен шығармашылығын, қоғамдық қызметтерін студент жастарға кеңінен насихаттап, ғибраттық қырларына баса назар аудару.

Біздіңше, Бірлестік жұмысын жүйелі жүргізу абыройлы да кәделі іс. Бұл - М.Әуезовке тағзым. Бұл - сондай ақ руханият өлеміне, ұлттық дәстүрге, әдеби-мәдени мұраға, аға буын өкілдеріне адалдық, жас қаламгерлерге қамқорлық.

Рахымжан Тұрысбек,
М.Әуезов атындағы бірлестік жетекшісі

ЛӘБІЗДЕР

Ш. АЙТМАТОВ, жазушы:

Ұстазым ұлы Мұхтар дәріс берген бұл ұлттық университеттен болашақтың азаматтары, келешектің іскерлері шығады.

Я.Ә. ӘУБӘКІРОВ, экономика ғылымдарының докторы, академик:

ҚазМУ қабырғасында сондарынан жақсы даңқ қалдырған ұлы адамдар жұмыс істеген, біз, солардың істерін, дәстүрін жалғастырушымыз, осы университетте жұмыс істегенімізге мақтаныштымыз. ҚазМУ - өсіп келе жатқан білімпаз ұрпақтардың орталығы.

Қайта құрудың ең қиын кезі Көлжасар Нәрібайұлының университетте басшылық жасаған уақытына келді. Революцияға дейінгі экономистердің бірі Бағранов былай деген болатын:

"Адамдар екі топқа бөлінеді, біріншілері - ұйымдастырушылар, ал екіншілері - орындаушылар". К.Н.Нәрібаевтың ұйымдастыру тәжірибесі мол.

ФОТОШЕЖІРЕ



Ортамызда адамзаттың
Айтматовы.
1997 жыл

Тарихи
жүздесу
сәттері

Қазақтың тұңғыш
ғарышкерлері Токтар
мен Талғат ҚазМУ-де.





ФОТОШЕЖІРЕ

АЛФАШҚЫЛАР



ректор Ф. Т. Оликов



декандардың бірі В. Ф. Литвинов



аспиранттардың бірі Төлеген Масенов



студенттердің бірі Бейсен Ахметов

ҚАЗМУДЕН ҚАНАТ ҚАҚҚАҢДАР

Жарқын еңбектің жарқылы

Біздер үшін бесік пен бейіттің арасы ұлы таңдауларға толы болса, соның бірі – мамандық таңдау. Ал, ол жолда кездейсоқтыққа ұрынғандарды бір түрлі аяғың келіп тұрса, өз кәсібіне шың ықылас- ниетімен берілген, оған адал досы ретінде қарайтындардан эталондық үлгі-өнеге іздерің хақ. Ендеше, біз әңгіме арқауы еткелі отырған "Жас Алаш" газеті мен оның бас редакторы, ҚазМУ-дің журналистика факультетінің 1984 жылғы түлегі Нұртөре Жүсіптің басшылық іс- тәжірибесінен оқырман тәлім алар тұстары баршылық.

Қоғамның қозғаушы күші- жастар. Бұл-аксиомалы шындық. Жастар бар жерде – ізденіс, үміт бар, жастар бар жерде – жаңалыққа деген күштарлық, айналасына көктем сыйлар рух бар. Керек десеңіз, жастар бар жерде – "сексен алтылар" бар... Ендеше, жастар ой-сана- сының айнасы, пікір- толғағының мінбері іспеттес "Жас Алаш" газетінің отандық журналистикамызда алатын орны зор. Сонымен бірге, мұндай интеллектуалдық мәншікке басшылық жасап, алғыс- батаға бөленуің үшін бас бармақпен бағаланар еңбек қажет -ақ.

Аталмыш басылым төрт- бес жылдың ауақымында үлкен бедел- құрметке ие болып, оқырман қауымының ең сүйікті досына, жақын сырласына айналғаны белгілі. Оны газет тиражының бірден есе түсуінен-ақ байқауға болады.

"Жас Алаш" газеті –энциклопедиялық басылым. Себебі, онда "Рух", "Алдаспан", "Қоны- рау", "Руханият", "Мынан бір мезет", "Студент", "Жібек жолы", т.б. оннан астам арнайы қос- сымшалар шығарылып, әрбірі өз тақырыбы бойынша өткір материалдарымен аудитори- ясына баурап-баптап келеді.

Біз сөз етіп отырған "жасалаштық" қосымшалар жана дәуірдің сұранысынан туындаған құбылыс екендігі даусыз. Мысалы үшін, "Рух", "Алдаспан" қосымшалары әлеуметтік- саяси мәселелерді арқау етсе, "Басқатырғыш", "Бір түрлі бет", "Ырғақ" сауық- тық көңіл көтерушілік бағытында жұмыс істеп келеді. Сондай- ақ, жарнаманы газеттің басты қаржы көздерінің бірі десек, "Жас Алаш" бұл тұрғыдан да

басқа қазақ тілді басылымдар-дан көш бойы озық түр.

Тағы бір айта кетерлік мәселе бар. "Жас Алаш" газеті жас журналист кадрлардың тәжірибесін шыңдауда үлкен тәрбие мектебіне айналып отыр. Бүгінде белді-белді деген газет- журналдардың редакторлары осы басы-лымның шекпенінен шыққаны өтірік емес.

Басылым бетінде Түркіс- тандағы түрік ағайындардың жіберген ағаттықтарының сыналуы, Жүрсін Ерманның ұйымдастыруымен өтіп жүрген ақындар айтысы туралы жазылған

Үңгірлердегі натуралистік кескіндемелер мен мүсіндерден, палеолиттік өнердегі схемалық таңбалар мен геометриялық

лайықты бағасын алған болатын. Дегенмен, Қазақстанда бейнелеу өнері ХХ ғасырда ғана қанатын кеңге жая

"Қазақ әдебиеті" бейнелеу өнерін насихаттайды

шартты пішіндерден бастау алған бейнелеу өнерінің одан әрі шыңдалуына, елге жайылуына баспасөз де өзінше ықпал ететіні сөзсіз. Оқырманының рухани байлығын қалыптастырып,

бастады ғой. Мәселен, Әбілхан Қастеевтің "Түрксіб" атты тамаша туындысын (1932 ж. салынған), басқа да әйгілі "Түрксібке" байланысты жазылған туындылармен салыстыруға болады. Дұрысырақ айтқанда, салыстыруға емес, талдауға бағыттау керек. Мәселен, Соня Делензйдің, "Транс-Сібір темір жолы туралы өлең және кішкентай "Франция" дейтін 1913 ж. салған картинасы Москвадан Нарбиньге дейінгі жолды суреттейді. Соня Делензйдің бұл жұмысы футуризм бағытында жазылған. Ал Қастеев суретінде паровоздың меніреу даланы оятып, арқырап келуін суреттейді. Кезінде түйеге мінген қазақ бұған таңдана қарап тұр. Мұнда поезға таңырқаудан гөрі үміт, қуанышпен қарсы алу шаттығы сезіледі. Жалпы, Қастеевтің бұл туындысына орай, Қазтуған жыраудың мына сөзін келтіруге болады: "Ұлан байтақ кең далам, уақыттай-ақ шексізсің"...

Тоқырау жылдары өнерде науқаншылдық, ұраншылдық сипат етек алды. Алайда, Ақанаев, Аманжолов, Түлқиев, Молдашев секілді қылқалам шеберлері ойға оралады. Бұлардың ең үздік шығармаларын және жас шеберлердің туындыларын да басу қажет. Қандай бір дарын иесі өзінен бұрынғылардың жетістіктері мен кемшіліктерін терең зерттейді, өседі.

